

Маңызы зор семинар

Қостанай облыстық сотында Еуразиялық экономикалық одақ соты төрағасының орынбасары Жолымбет Байшевтің, облыстық және қалалық сот судьяларының, прокуратура, облыстық адвокаттар алқасының, Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кірістер жөніндегі департамент өкілдерінің қатысуымен «Қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуде халықаралық келісімдер нормаларын қолдану мәселелері» тақырыбында семинар өтті.

Іс-шара модераторы болған азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Владимир Долгих талқыланатын мәселелерге тоқталып, тақырыптың өзектілігін атап өтті.

Соттардың істерді қарауы барысында халықаралық келісімдер нормаларын және Еуразиялық экономикалық одақ құқығын қолдану туралы Еуразиялық экономикалық одақ соты төрағасының орынбасары Жолымбет Байшев егжей-тегжейлі әңгімеледі. Оның мәлімдеуінше, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен шаруашылық субъектілер мүддесіне қатысты экономикалық мәселелер шешімін қарауда сот тек халықаралық келісімдерді басшылыққа алады. Сот құрамына әр мүше мемлекеттен екі судья бар, яғни, одаққа мүше 5 мемлекеттен он судья. Олар халықаралық

құқық саласында жиырма жылдан астам уақыт жұмыс істеген, өз кәсібін меңгерген әр елдің өкілдері, ғылым докторлары.

Өз баяндамасында Ж. Байшев шығарылған сот шешімдерінен мысалдар келтірді. Түрлі істерге тоқталу арқылы ол одақ сотының қызметін жан-жақты ашып, жұмыс істеуге тура келген халықаралық ұйымдар мен құжаттарды атап өтті. Сот шешімдері әдетте 80-100 парақтан тұрады. Сонымен қатар, әр судья іс бойынша көлемі сот шешімінен кем болмайтын ерекше пікір жазуға құқылы. Ерекше пікір заңгерлер мен құқық қорғаушылар қауымының пайдалануына жатады. Кейде бір шешім негізінде бес ерекше пікір жазылуы мүмкін. Себебі, Сот ұстанымдарының бірі сот талқылауының ашықтығы мен бейтараптығы. Әдетте, судья жазған ерекше пікір БАҚ-та жарияланады. Сондай-ақ сот шығарған барлық шешімдер де БАҚ-та және сайтта орналастырылады. Осыған орай, Ж. Байшев жергілікті сот судьяларына аталған шешімдермен жиі танысып тұруға, өз сот актілерінде халықаралық келісім нормаларына сілтеме жасауды ұсынды. Өткені мұндай шешімдер дәрежесі едәуір жоғары болады.

Семинар барысында баяндама жасаған Қостанай облыстық сотының судьялары Сергей Нұров пен Мәдина Саламатова халықаралық құқық нормалары қолданылған істер бойынша статистикалық мәліметтерге тоқталып, істер бойынша сараптама жасады.

Судья С. Нұров 2016 жылы халықаралық

нормаларды қолдану арқылы 362 азаматтық іс қаралғандығын атап өтті. Олардың басым бөлігі «Балалар құқығы туралы конвенция», «Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе арнамысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция», «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты түбегейлі жою туралы конвенцияға» және «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактке» қатысты істер.

Ағымдағы жылы бұл бағыттағы жұмыстар жандандырылған, нәтижесінде халықаралық нормаларды қолдану арқылы қаралатын істер саны айтарлықтай артып отыр. Нақты мысал келтірген судья Рудныйда науқас баласы бар әйелді коммуналдық борышын өтемегені үшін үйден шығару бойынша қаралған азаматтық істі атап өтті. Балалар үйінде тәрбиеленген азаматша әлеуметтік қорғалмаған топқа жататындықтан мемлекеттік қордан жалдамалы пәтер алған. Ал коммуналдық қарызы 5 мың теңгені құраған.

Рудный қалалық сотының шешімімен аталған қарыз сомасы өндіріліп, үйден шығару туралы әкімдік шағымы қанағаттандырылмаған.

Облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен бірінші сатылы сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Апелляциялық сот істі қарау барысында Рудный қалалық әкімдігі тарапынан қолданыстағы халықаралық және еліміздің заңнамаларын дәрежі бұзу фактісін ескеріп, сот алқасы Қостанай облысы әкімі мен

прокурорына аталған заң бұзушылықты назарға алып, тиісті шара қолдану туралы жеке қаулы шығарды.

Судья М. Саламатова қылмыстық істер бойынша сот практикасында полиция қызметкерлері тарапынан қорлық көрген Р. Байрамовтың ісін мысалға келтірді. Сот алқасы ЖІД-нен моральдық залал өндірді. Іс Біріккен Ұлттар Ұйымына дейін жеткен.

Бұған қоса, семинар барысында шетелдерден экстрадициялау, елден шығару, шекараны заңсыз бұзу мәселелері талқыланды. Ауыр қылмыстық істе айыпталған Мамедовті Түркиядан экстрадициялау рәсімі аталған елдегі құқықтық қиындықтарға байланысты 4 жылға созылған.

Халықаралық келісімдер аясында өзге мемлекеттер тарапынан болатын құқықтық көмекті жеңілдету туралы сөз қозғалды. Мәселен, Қостанай қалалық №2 соты өзге елдерге құқықтық көмекті жүзеге асыра отырып, сот отырыстарын бейнеконференцбайланыс арқылы жүргізеді.

Семинар қорытындысы бойынша облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Арман Шамшиев Ж. Байшевке алғысын білдіріп, бүгінгі іс-шара облыс судьяларының халықаралық құқықты қолдану аясында айтарлықтай үлес қосатындығын атап өтті.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Сот сараптамасының жаңа мүмкіндіктері

2017 жылдың басында сот сараптамасы органдарының реформасы жүргізіліп, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы» ММ-нің «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот медициналық орталығы» РМҚК-ға қосылу нәтижесінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК құрылды.

Қазақстан Республикасында сот-сараптама қызметі «Сот сараптама қызметі туралы» 2017 жылғы 2 қазандағы ҚР Заңына сәйкес жүргізіледі.

Сот сараптама орталығында түрлі санаттағы қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқықбұзушылық істерді тергеу мен сот талқылау кезеңінде қажетті зерттеудің 29 түрі жүргізіледі.

Жоғарыда аталып өткен реформалау негізінде және меншік түрінің өзгеруіне байланысты, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК және оның филиалдары – Сот сараптамалары институттары халыққа ақылы қызмет түрлерін көрсету құқығына ие болды. Осы жаңашылдықтың басты мақсаты – халықтың құқықтық қудалау органдарына жүгінбей-ақ, бірден сот сараптамасына жүгіну процедурасын жеңілдету.

2017 жылғы 16 тамызда ҚР Әділет министрінің орынбасары Ж. Ешмағамбетовтың бұйрығымен «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы» РМҚК-дағы ақылы қызметтерінің бағатізбесі (прейскуранты) бекітілген болатын. Осы бағатізбеге 67 ақылы қызмет түрі енгізілді.

Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалары да өз бағыттары бойынша ақылы қызметтерін көрсетіп келеді.

Айтылған бағатізбенің жаңашылдығы – жазу мен қолтаңбаларды зерттеуді ақылы түрде жүргізу. Сараптаманың күрделілігіне қарай бағатізбеге жазутану сараптамасының 6 түрі енгізілді. Орташа есеппен алғанда, осы зерттеу түрінің құны 22 - 70 мың теңге болады.

Жазутану сараптамасы көптеген сұрақтардың шешуін табады. Мысалы, қолжазба мәтінінің және қолтаңбаның орындаушысын анықтау, диагностикалық белгілерін айқындау, сонымен қатар жазу үстіндегі орындаушының ерекше күйін (қалпын) анықтау – ішімдіктің әсеріндегі мастық қалпын анықтау, есалаң ауру (шизофрения) қалпын анықтау, жазуға қалыпты емес сол қолымен жазғанды анықтау, қарт адамдардың жазуларын анықтау және т.б. Осы мәселелер, біріншіден, азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарға тиісті болып және сот өндірісі процестерін өлдеқайда жылдамдатады деген сенімдіміз.

Бағатізбедегі зерттеу түрлері біздің аумақтық бөлімшеде – Қостанай облысы бойынша Сот сараптамалары институтында жүргізіледі.

Кез келген ақылы түріндегі зерттеуді орындау үшін, Қостанай облысы бойынша Сот сараптамалары институтына өтінішіңізді жазып, біздің мекемемізбен келісім-шартқа тұруыңызға болады. Келісім-шартта екі жақтың (тапсырыс беруші мен орындаушы) міндеттері мен құқықтары, сараптама құны, орындалу мерзімі, т.с.с. мәселелер қарастырылады.

Аталған жаңашылдық, ең алдымен, халықтың даулы сұрақтарды шешу мүмкіндіктерін кеңейтіп, сонымен қатар сарапшылық қызметіндегі бәсекелесуге қабілетті ортаны құру болып табылады. Ал оның нәтижесі, міндетті түрде, сот сараптама сапасын арттыратын басым бағыты ретінде қарастырылады.

С. БАРАҚОВА,
Қостанай облысы бойынша
Сот сараптамалары институтының
аға сарапшысы

Ардагерлер күні ұйымдастырылды

2017 жылғы 1 қараша күні Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Академияның ардагерлер күні» ұйымдастырылды.

Аталмыш іс-шараға Академия қабырғасында ұзақ жылдар қызмет атқарып, кейін құрметті демалыс зейнеткерлікке шыққан 50-ден астам ардагерлер шақырылды.

Жылдағы дәстүрге айналған кездесудің басы кеше ғана өмірден өткен, бүгін ғана денесін жер қойнауына тапсырған марқұм, Академия ардагері, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері, Кеңес Одағының 5 дүркін чемпионы Виктор Васильевич Антимоновты бір минуттық үнсіздікпен еске алудан бастады.

Бір минуттық үнсіздіктен кейін Академия ардагерлер кеңесінің төрайымы отставкадағы полковник Бисұлу Биғазықызы әріптесіміз Виктор Васильевичтің өмірбаянына тоқталып, ол кісі туралы тарихтан сыр шертті.

Бисұлу Биғазықызы өз сөзінен кейін, құттықтау сөзді Академия бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Сергей Николаевич Бачуринге берді.

Сергей Николаевич келген қонақтарға қазіргі таңдағы Академия өмірінің тыныс-тіршілігімен және алдағы даму жетістіктерімен таныстырды.

Құрметті ардагерлер, сіздерді бүгінгі академия қабырғасында дәстүрге айналған ардагерлер күнімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздер салиқалы қария қатарына жатпасаңыздар да, ақылы толықсыған ғалым әрі жас ардагерлер қатарынансыздар.



Сондықтан бүгінгі басқосуға келгендеріңіз үшін шексіз алғысымды айтамын,- деді Академия бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Сергей Бачурин.

Келелі жиынға жиналған ардагерлер көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, Академия басшылығы тарапынан тұщымды жауаптар алды.

Кездесуден кейін ардагерлер жеке-жеке өздері сабақ берген кафедра, бөлім, қызмет, факультет қызметкерлерімен және курсанттармен кездесіп, өздерінің өмірде жинаған мол тәжірибелерімен бөлісті.

Барлық іс-шаралар соңында әрбір бөлініс өздерінің ардагерлерін құрметтеп, сый-сияпат беріп, мерекелік дастархан жайды.

Барлығына риза болған ардагерлер академия ұжымына алғастарын білдіріп, ризашылықпен үйлеріне қайтты.

М. ОСПАНОВ,
Академияның баспасөз хатшысы,
Айсұлу ЗИМИНА,
практикант



Академиядағы салтанатты іс-шара

2017 жылдың 6 қарашасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында Тәжікстан Республикасының Конституция күніне арналған салтанатты іс-шара өткізілді.



Академия басшылығының және жеке құрамның атынан Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі А.Ж. Нурушев Тәжікстан Республикасының курсанттарын Конституция күнімен құттықтап курсанттарға оқуда жақсы нәтижелерге қол жеткізуге, тәжік халқына бірлік-береке, Отанының өсіп-өркендеуіне тілек білдірді. Сондай-ақ 2013 жылдан бері 52 курсант оқуын жемісті аяқтап, өз туған елінде қызмет атқарып жатқанын, ал бүгінгі таңда Академиямызда Тәжікстан Республикасының 20 курсанты білім алып жатқанын айтып кетті. Аталған іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қостанай облыстық «Шарқ» тәжік ұлттық-мәдени бірлестігінің

төрағасы Э.Э.Холметов шақырылды. Э.Э.Холметов та курсанттарды атаулы мереке күнімен шын жүректен құттықтап, жүрекжарды лебіздерін білдіре отырып, өз атынан Академияның басшылығына, профессорлық-оқытушылар құрамына және қызметкерлеріне ризашылығын білдірді. Ал, Тәжікстан Республикасы курсанттарының атынан 2-курс курсанты Құрбанәлі Авгонов Академия және курс басшылығына алғысын білдірді.

Конституция - мемлекеттің негізгі заңы, елдегі барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңды күшке ие заң немесе заңдар тобы. Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі, мемлекеттің бастапқы саяси және құқықтық құжаты. Тәжікстан Республикасы Конституциясының тарихына үңілер болсақ, Тәжікстан Конституциясы мемлекеттік құрылыстың тәжірибесінде алғаш рет жалпыхалықтық дауыс беру арқылы қабылданды, ол қазіргі заманғы тәжік ұлттық мемлекеттігінің жаңа философиясы болып табылады. Жоғары заңды күші 1994 жылы 6 қарашада акт қабылдау арқылы тәжік халқы өлемнің өркеніетті халықтарының ортасында бейбітшілік пен тұрақтылықта өмір

сүруге, біртұтас құрылғымен тәуелсіз, демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құруға ниет білдірді.

Тәжікстан Респуб-ликасының Конституция күніне арналған салтанатты іс-шараның соңы курсанттардың ұйымдастыруымен өткізілген концерттік бағдарламаға ұласты. Мерекелік концертте 1-курс курсанттары Фируз Назиров және Дилшод Солиев өздерінің әуезді әндерімен көрермендерді баурап алды. Сонымен қатар Тәжікстан Республикасынан келіп оқып жатқан курсанттар өздерінің ұлттық билерімен көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Концерттен кейін Э.Э.Холметов мырза мен Академия қабырғасында білім нәрімен сусындап жатқан бір топ Тәжік курсанттарды Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызылов өзі қабылдап, барша Тәжік еліне тыныштық, отбастарына амандық, курсанттардың сабақтарына сәттілік тіледі.

ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының баспасөз қызметі



Ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргіздік

Өткен айда Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қаласы) оқытушылар құрамы, біліктілігін арттыру курсына облыстық полиция учаскелік инспекторлары және арнайы алғашқы оқыту курсына тағылымдамашылар, Қостанай автожолы колледжінде «Ұсақ құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік» қағидаты туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді.



Бұл іс-шара мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру бойынша жұмысқа тарту және ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу, насихаттау мақсатында өткізілді.

Учаскелік полиция инспекторлары азаматтардың бойында құқықтық сапа қалыптастыруды, алдын-алуды ұйымдастыру нысанын қызмет көрсету учаскесіндегі тұрғындарға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарландыру жолымен жүзеге асырады. Сонымен қатар, учаскелік полиция инспекторлары мүлдем төзбеушілік қағидаты бойынша тұрғындармен жиналыстарда, жиындарда, мектептерде, еңбек ұжымдарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Оқу орталығының оқытушылар құрамы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінен баптар және түсініктеме түрінде буклеттер жасады. Арнайы алғашқы оқыту курсына

тағылымдамашылар үгіт плакаттарын дайындады.

«Мүлдем төзбеушілік» түсінігі нені білдіреді?

Мүлдем төзбеушілік – бұл, азаматтардың ең ұсақ құқық бұзушылықпен келіспеуі деп айтуға болады. Бұл қоқыс тастау және ұсақ бұзақылық болуы мүмкін, бұлардың бәрі қоғамның тыныштығын, өмір сапасын төмендетеді. Мемлекет басшысы осы сияқты ұсақ қылмыстың және құқық бұзушылықтың жолын кесу қажет екендігіне назар аударды.

Қазақстан Республикасының Президенті «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне 2014 жылғы шілдеде қол қойды және 2015 жылғы қаңтарда заңды күшіне енді.

Оқу орталығының оқытушылар құрамы және арнайы алғашқы оқыту курсына тағылымдамашылар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің негізгі «Қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» 25-тарауының, «Ұсақ бұзақылық» 434-бабы, «Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық» 435-бабы, «Елді мекендерде атыс қаруынан, газды, пневматикалық қарудан оқ ату, пиротехникалық заттар мен оларды қолданып жасалған бұйымдарды ұшыру» 436-бап, «Тыныштықты бұзу» 437-бабы, «Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу» 440-бабы, «Жекеленген қоғамдық орындарда темекі бұйымдарын тұтынуға тыйым салуды бұзу» 441-бабы, «Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түңгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын-жайдан тыс жерде болу» 442-бабы, «Кәмелетке толмағандардың вандализмі» 448-бабы, «Қоғамдық орында тиісу» 449-бабы, «Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түңгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғын-жайдан тыс жерде болу» 442-бабы, «Кәмелетке толмағандардың вандализмі» 448-бабы, «Қоғамдық орында тиісу» және «Кәмелетке толмаған адам жасаған бұзақылық» 435-бабы бойынша тәжірибеден мысалдар келтірілді.

Іс-шараның соңында арнайы алғашқы оқыту курсына тағылымдамашылар «Мүлдем төзбеушілік туралы» жадынаманы колледж оқушыларына табыс етті.

Б. ЖАНТАСОВА,
Қазақстан Республикасы ІІМ
Оқу орталығы (Қостанай қ.)
арнайы пәндер циклының бастығы
полиция подполковнигі

«Сақшы» әскери-патриоттық клубына курсанттар қабылданды

Өткен айдың соңғы күндерінің бірінде ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Сақшы» әскери-патриоттық клубының қатарына курсанттар қабылдау салтанатты рәсімі болып өтті.

Аталмыш іс-шараға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының орынбасары полиция полковнигі Е. Қаппасов қатысты.

«Сақшы» әскери-патриоттық клубы жасөспірімдер, жастар ортақ қызығушылықтары бойынша бас қосып, әскери-патриоттық тәрбие сабақтарын өткізу үшін құрылған ерікті бірлестік болып табылады. 2016 жылы тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында әскери-патриоттық клуб құрылды. Клуб болашақ ұрпақты құқық қорғау органдарының, әскери өнердің және әскери нысанды киімнің тарихын зерттеуге деген қызығушылығын, құқық қорғау органдарының қызметімен танысу, ішкі істер органының қызметіне азаматтарды арнайы дайындау мақсатында құрылған. Клубтың негізгі бағыты - жастардың рухани, моральдық, патриоттық және дене тәрбиесі болып табылады. Өз қызметі арқылы «Сақшы» әскери-патриоттық клубы 14 - 20 жас аралығындағы студенттер мен жастарды біріктіреді.

Бұл күн «Сақшы» әскери-патриоттық клубының мақтан тұтарлық курсант атағына ие болып отырған Балалар үйінің 15 тәрбиеленушісі үшін ерекше күн болып табылады. Себебі, бұл күні жасөспірімдер аға буын өкілдерінің бастамаларын абыроймен қорғайтыны туралы және көп ұлтты Отанымыздың көркеюі үшін бар күш-жігерін салатындары жайлы ант қабылдап, әскери-патриоттық клубтың бір мүшесі атанды. Ант қабылдап отырған курсанттардың атынан Сергеев Виталий Эдуардович Академия бастығы полиция генерал-майоры М.А. Қызыловқа алғысын білдірді. Сондай-ақ іс-шара барысында рәсімге қатысып отырған облыстық «Грин» қоғамдық қоры азаматтық Альянсының директоры Динара Өтебаева «Сақшы» әскери-патриоттық клубына жаңадан аяқ басқан курсанттарды құттықтап өтті. Салтанатты рәсім аяқталысымен, іс-шара курсанттардың ұйымдастыруымен өткен мерекелік концертке ұласты.

Э. КАНАТЧИНА,
Курсанттар баспасөзі қызметінің мүшесі,
қатардағы полицей

Бұрынғы әкім 4 жылға бас бостандығынан айырылды

Қарабалық аудандық сотында ҚР ҚК 190-бабы 3-бөлігі 2,3-тармақтары, 28-бабы 4-бөлігі, 367-бабы 2-бөлігі бойынша айыпталған ауданның бұрынғы әкімі Қанат Ғабдуллинге қатысты сот үкімі шығарылды.

Ағымдағы жылдың ақпан-наурыз айларында Қарабалық ауданында Қостанай облысы бойынша Тексеру комиссиясының мамандары мемлекеттік аудит жүргізген. Нақты тексеріс аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімінде, білім бөлімінде және қаржы бөлімінде жүргізілген. Осы жайтты пайдаланған Ғабдулин мемлекеттік тексеріс нәтижесін жақсартуға ықпал ету үшін деген желеумен өзінің орынбасарын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі басшысынан және Қарабалық кенті әкімінен 300 мың теңге ақша алуға итермелеген. Бұл қаражатты тексерісте анықталған кемшіліктерді көрсетпеу үшін комиссияға беру жоспарланған.

Сот үкімімен Қ.Ғабдулин қылмыстық істе айыпты деп танылды. Сот оған мүлкін тәркілеп, 4 жылға бас бостандығынан айыру және өмір бойына мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан айыру жазасын тағайындады. Сотталушы сот залында қамауға алынды.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru